Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

2026 жылдың 02 желтоқсанында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының құрметті қызметкері, запастағы генерал-майор Дауенов Михаил Юсуповичті еске алуға арналған **«Жаһандық сын-қатерлер жағдайындағы ұлттық қауіпсіздік: қамтамасыз етудің экономикалық және құқықтық тетіктері»** атты **Халықаралық ғылыми-практикалық конференция** өткізу жоспарлануда.

Конференцияны өткізу тілдері - қазақ, орыс, ағылшын тілдері.

Конференция жұмысының форматы - офлайн, онлайн.

Конференция жұмысына қатысуға отандық және шетелдік ғалымдар, оқытушылар, практикалық қызметкерлер, аспиранттар, докоранттар, магистранттар шақырылады.

Ғылыми мақалаларды қабылдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:

1. Көпполярлы әлемдегі ұлттық қауіпсіздік.
2. Ұлттық қауіпсіздікті қорғаудың қылмыстық-құқықтық тетіктері.
3. Ұлттық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету: азаматтық-құқықтық аспект.
4. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің конституциялық-құқықтық негіздері.
5. Ұлттық қауіпсіздік жүйесіндегі жасанды интеллект: даму траекториялары және жаһандық тәуекелдер.
6. Жаһандық трансформация дәуіріндегі тұрақты даму және тиімді басқару стратегиялары.
7. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің заманауи қаржылық-экономикалық тетіктері.

Конференцияға қатысушылар басқа да сабақтас тақырыптар бойынша баяндамалар ұсына алады.

Конференция материалдарын ISBN, ӘОЖ, КБЖ индекстерін бере отырып, басып шығару жоспарлануда.

Ұйымдастыру комитеті талаптарға сәйкес рәсімделмеген, ғылыми деңгейі мен конференция тақырыбына сай келмейтін мақалаларды жинаққа енгізбеу құқығын өзіне қалдырады. Мақалалар қойылған талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, ұйымдастыру комитеті себептерін түсіндірместен, мақаланы жариялауға қабылдаудан бас тартылғаны туралы авторға хабарлайды.

Материалдардың мазмұнына мақалалардың авторлары жауапты.

Конференция жұмысына қатысу үшін **2026 жылдың 25-ші қарашасына дейін** өтінім мен мақала мәтінін (электронды түрде ұйымдастыру комитетінің электрондық поштасына kru.conference@mail.ru) жіберу қажет.

«Жаһандық сын-қатерлер жағдайындағы ұлттық қауіпсіздік: қамтамасыз етудің экономикалық және құқықтық тетіктері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға өтінім:

Автордың тегі, аты, әкесінің аты (толық көрсетіледі)	
Мақаланың атауы	
Секция атауы	
Ғылыми жетекшінің Т. А. Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі және ғылыми атағы (докторанттар, аспиранттар, магистранттар үшін)	
Жұмыс/оқу орны (толық атауы)	
Лауазымы	
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
Байланыс телефоны	
E-mail	
Қатысу форматы (офлайн/онлайн)	

Өтінім жеке файл түрінде рәсімделеді. Файлдың атауында автордың тегі, аты-жөнінің бас әріптері және «Өтінім» сөзі көрсетілуі тиіс. Мысалы: **Аскаров Е.Х. Өтінім**

Мақала бірнеше автордың бірлескен авторлығымен жазылған жағдайда, әрбір бірлескен авторға жеке өтінім рәсімделеді.

Конференцияға қатысу **ТЕГІН**.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қостанай қаласы, Байтурсынов көшесі, 47, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ.

Байланыс телефондары: +7-777-412-07-37; +7-771-430-53-04,

E-mail: kru.conference@mail.ru

МАҚАЛАЛАРДЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

(Көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін материалдар қарастырылмайды)

Көлемі - А4 форматындағы 5 толық беттен аспауы тиіс (материалдың соңындағы пайдаланылған әдебиеттер тізімін қоса алғанда);

Редактор - Word; жоларалық интервал - 1; қаріп - Times New Roman; қаріп өлшемі - 12 pt; бет параметрлері: жоғарғы және төменгі жиектері - 2,5 см, сол және оң жақ жиектері - 2 см; бет бағыты - кітаптық; абзац шегінісі - 1 см; мәтінді туралау - ені бойынша.

Әдебиет көздеріне сілтемелер тік жақшаға алынған цифрлармен рәсімделеді – [1]. Беттерге нөмір қойылмайды. Сілтемелер ретімен нөмірленуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі. Негізгі мәтіннен кейін ортаға туралаып, қалың қаріппен «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» деп жазылады және библиографиялық сипаттаманы рәсімдеудің қолданыстағы талаптарына сәйкес рәсімделген дереккөздердің нөмірленген тізімі беріледі. Библиографиялық сипаттамалардың дұрыстығын автор мұқият тексеруі тиіс.

Мақаланың құрылымы. Тақырып. Мақаланың атауы 12 пт өлшемді қалың қаріппен, бас әріптермен, ортаға туралаып жазылады. Төменде Times New Roman қарпімен (12 пт), қалың қаріппен автордың тегі мен аты-жөнінің бас әріптері, ғылыми дәрежесі, академиялық дәрежесі, ұйымның толық атауы және электрондық пошта мекенжайы көрсетіледі. Одан кейін мақаланың негізгі мәтіні, соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі орналастырылады.

Егер мақала мәтінінде кестелер мен иллюстрациялар болса, олар нөмірленуі қажет («1-кесте», «1-сурет»), тақырыппен рәсімделуі тиіс (кестелердің тақырыбы, ал иллюстрациялардың сурет астындағы жазулары болуы қажет) сондай-ақ мәтінде оларға сілтемелер берілуі керек («1-суретті қараңыз»). Формулалар да нөмірленеді, олардың нөмірі дөңгелек жақша ішінде беттің оң жақ шетіне орналастырылады.

Мәтін түпнұсқа болып табылады және редакциялауға жатпайды.

Мақаланың электрондық нұсқасын рәсімдеу кезінде оның мәтінін жеке файлға орналастырып, файлға автордың тегі мен аты-жөнінің бас әріптерін және баяндаманың атауын беру қажет екеніне назар аударуыңызды сұраймыз. Мысалы: **Аскаров Е.Х. Баяндама атауы**.

Өз материалдарын жариялағысы келетін авторлардан екі файлды (біріншісі – мақала, екіншісі – өтінім) тиісті секцияға жауапты тұлғалардың электрондық пошта мекенжайларына жіберуді сұраймыз:

Секции 1-5	kru.conference@mail.ru	Тастанов Абылай Мейрамбекулы, з.ғ.м., аға оқытушы
Секция 6	87051097749@bk.ru	Абаева Гульдер Ивановна, э.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Секция 7	berikovnabermukhamedova@gmail.com	Бермухамедова Галия Бериковна э.ғ.к., профессор

Рәсімдеу үлгісі

ӘОЖ

МАҚАЛАНЫҢ АТАУЫ

(ортаға туралаңып, бас әріптермен, жартылай қалың қаріппен)

Т.А.Ә. – ғылыми дәрежесі, академиялық дәрежесі, лауазымы, ұйымның толық атауы (Қостанай қ., Қазақстан), электрондық пошта:

Аңдатпа (мақала жазылған тілде 50 сөзден аспайтын көлемде курсивпен жазылады, «Аңдатпа» деген сөз жазылмайды).

Мақала мәтіні [1]. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні [2]. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні. Мақала мәтіні.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жакаева Л.С. Қазақстан Республикасының заңнамасындағы конституциялық-құқықтық жауапкершілік // Конституциялық-құқықтық жауапкершілік: Ресейдің мәселелері, шет мемлекеттердің тәжірибесі. Мақалалар жинағы / С.А. Авакьянның редакциясымен. – М.: ММУ баспасы, 2001. - Б. 405-410.

2. Сапарғалиев Г.С., Сәлімбаева Ж.Ч. Конституциялық жауапкершілік мәселелері. - Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 147 б.

Бір тұлға екі реттен артық автор немесе бірлескен автор бола алмайды.

Белгіленген мерзімнен кейін Ұйымдастыру комитетіне келіп түскен өтінімдер қарастырылмайды, баяндамалардың материалдары жарияланбайды.

Ұйымдастыру комитеті конференцияға ұсынылған баяндамаларды іріктеу құқығын өзіне қалдырады.

Сіздің конференцияға қатысуыңызға қуанышты боламыз!